

## **Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1752

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Көкшетау облысының Шучинск қаласындағы Кадет корпусының құрылысы үшін Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген материалдар мен жабдық үшін кеден баждары бойынша берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Көкшетау облысы кеден басқармасының импорттық кеден баждарын

республикалық бюджетке есептеу бойынша 3500 мың (үш миллион бес жүз мың) теңге сомасындағы берешегіне өтеу жүргізсін.

Аталған сома әкелінген материалдар мен жабдық үшін кеден баждары бойынша Көкшетау облысының кеден басқармасының берешегін өтеуге Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігін қаржыландыру есебіне есептелсін.

2. Берешек есептемесі 1996 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған сомаларды 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары